

БҮГІНГІ ТАҢДА ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕБІНДЕ 44 МЫҢ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНДАҒЫ АРДАҒЕР ТЕМІРЖОЛШЫ ТІРКЕУДЕ ТҰР. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ АРҚЫЛЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ОЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ЕМІ МЕН ДЕМАЛЫСЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАМТИДЫ. АТАП АЙТҚАНДА, ЖҮЛЫНА БІР РЕТ ТЕМІРЖОЛДА ЖҮРУ БИЛЕТІНІҢ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ, ЖЕҢІЛДІКТЕР АРҚЫЛЫ САНАТОРИЙ-КУРОРТТЫҚ ЕМДЕУ, МЕРЕЙТОЙЛАР МЕН МЕРЕКЕЛЕРДЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БЕРУ СИЯҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖАСАЛАДЫ.

Болатбек ДҮЙСЕМАЛИЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық ардагерлер кеңесінің төрағасы



№68 (2998)
09/08/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ: НЕ СБАВЛЯЯ ТЕМПА

С начала года по сети АО «НК «ҚТЖ» капитально отремонтировано свыше 360 километров пути.

Любовь РОББА,
Астана

Всего в 2024 году планируется обновить более 1 400 километров железнодорожного полотна, из них 570 километров капитально – с полной заменой рельсошпальной решетки. К настоящему моменту отремонтировано порядка 750 километров пути. Это больше половины от запланированного объема. При этом полностью обновлено 368,37 километра.

Так, завершены работы по Павлодарскому (31,5 километра) и Кызылординскому (43,16 километра) отделениям магистральной сети. На 99% выполнен капитальный ремонт пути в Шымкентском отделении магистральной сети. Всего там будет обновлено 44,09 километра, сейчас работы ведутся на участке Игилик – Корғасын – Шымкент. В Карагандинском отделении магистральной сети капитально отремонтировано 21,05 километра пути, или 87,6% от общего объема работ. По Семейскому отделению магистральной сети полностью обновлено свыше 35 километров железнодорожного полотна, чуть



более 26 километров еще предстоит отремонтировать. Более 110 километров пути в этом году обновят в Акмолинском регионе. С начала летних путевых работ уже отремонтировано свыше 63 километров. Ремонт продолжается на участках Уголки – Карагай и Петропавловск – Смирново, а в начале сентября начнется на участке Жанаесіл – Первая Целинная (16,7 километра)

Свыше 63% от запланированного объема ремонтных работ выполнены в Костанайском отделении магистральной сети (38,39 километра). Хороший темп демонстрируют и актобинские железнодорожники. При плане по оздоровлению 77,86 километра пути по отделению работы выполнены на 41,22 километра. Примерно столько же отремонтировано на участках Атырауского отделения магистральной сети

– 41,97 километра. В целом капремонт здесь запланирован на 69,64 километра. Сейчас работы ведутся на участке Жамансор – разъезд 377 – Мақат и вскоре начнутся на участке разъезд 279 – Мақат. Порядка 39 километров пути планируют отремонтировать в этом году мангистауские железнодорожники, ремонт 8,85 километра уже выполнен. Небольшой объем в 8,78 километра на участке Шакпак

– Боранды отремонтируют в Жамбылском регионе.

Помимо капитального обновления железнодорожного полотна, работники АО «НК «ҚТЖ» выполняют усиленный средний и средний ремонт пути. Производят работы по сплошной смене рельсовых опор, рельсовой колеи и другие профилактические мероприятия. Все это позволяет обеспечивать надежность железнодорожной инфраструктуры и безопасность движения поездов.

Отличительной особенностью летней страды в этом году стал новый метод выполнения капитального ремонта – для повышения эффективности на некоторых участках его ведут в режиме закрытого перегона с завершением цикла работ. Технология предусматривает закрытие перегона на несколько дней и выполнение большого объема работ с использованием путевого техники.

В этом году парк путевого техники компании пополнили четыре складочных крана УК-25/25 и восемь единиц моторных платформ МПК. С помощью новых машин уже проведены работы по капитальному ремонту пути в Павлодарском и Кокшетауском регионах. Всего же в путевом хозяйстве АО «НК «ҚТЖ» насчитывается более 730 единиц различных машин: Duomatic, Unimat MF, выправочно-подбивочно-риховочные машины, RM-80, RM-2002, рельсошлифовальные поезда Atlas. Фото Александра ЖАБЧУКА

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ МАМАНДАРЫ ҚАЖЕТ



2025 жыл – Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы болып ресми жарияланды. Осыған орай Қазақстанда мамандар көлік инфрақұрылымын арнайы дайындайды. Соған байланысты вокзалдарға енді ағылшын тілін ғана емес, қытай тілін меңгерген мамандар алу көзделуде.

Бұл туралы Көлік министрінің төрағалығымен ҚР ТСМ Индустрия және туризм комитеті, жергілікті атқарушы органдар, Kazakh Tourism, Қазақстан темір жолы, ҚазАвтоЖол, әуежайлар, әуе компаниялары және теміржол вокзалдары басшыларының қатысуымен өткен жиында айтылды. Осы отырыста ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев барлық құзырлы органдарға Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы болып жарияланған келесі жылға дайындықты бастауды тапсырды.

Мәселен, министр туристерге арналған тіркеу тіректерінің санын арттыру, сонымен қатар ірі әуежайлар мен теміржол вокзалдарына қытай тілін меңгерген қосымша мамандарды тарту, арнайы брошюралар жасақтау міндеттерін атап өтті. Индустрия және туризм комитетінің төрағасы 2023 жылы Қытайдан келген туристердің ағыны 367 мың адамды құрағанын, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21 есе көп екенін айтты.

Ұлан ОРАЗ

РАСШИРЯЯ МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО



В Астане прошел брифинг по рынку ключевых представителей бизнеса между Гонконгом и Казахстаном.

В рамках мероприятия состоялось подписание Меморандума о взаимопонимании между Союзом транспортников Казахстана и Гонконгской ассоциацией экспедирования и логистики (HAFFA).


Целью сотрудничества являются содействие в развитии двусторонних экспортно-импортных и транзитных перевозок, усиление координации в осуществлении логистических и транспортных операций, сокращение времени перевозок, затрат, улучшение качества услуг, стимулирование в развитии континентальных и мультимодальных перевозок на международных транспортных коридорах Европа – Азия, усиление информационного обмена, создание благоприятной среды для обмена деловой информацией.

Сегодня индустрия логистики Гонконга, охватывающая воздушный, наземный и морской транспорт, предлагает широкий спектр услуг, включая экспедирование грузов, складирование, дистрибуцию и управление цепочками поставок.

Так, в 2023 году порт Гонконга (HKP) обработал 14,4 миллиона двадцатифутовых эквивалентов (TEU). Каждую неделю HKP осуществляет более 300 международных рейсов контейнерных судов почти в 500 пунктов назначения.

В дополнение к этому, Гонконг является ведущим региональным центром морских услуг.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ



Алмас СЕЙСЕМКАНОВ,
директор филиала
ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» –
«Семейское отделение ГП»

ОДНИМ ИЗ ГЛАВНЫХ РЕАЛИЗУЕМЫХ ПРОЕКТОВ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ – ЭТО СТРОИТЕЛЬСТВО НОВОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ЛИНИИ БАХТЫ – АЯГЗО. В БУДУЩЕМ ЭТА ДОРОГА ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМЫ ЭКСПОРТА ИЗ КАЗАХСТАНА И ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК. ПЛАНИРУЕТСЯ, ЧТО ЧЕРЕЗ ТРИ ГОДА ГРУЗОБОРОТ ПО ЭТОМУ УЧАСТКУ ВЫРАСТЕТ НА 20 МИЛЛИОНОВ ТОНН – С 28 ДО 48 МИЛЛИОНОВ ТОНН

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В КОСТАНАЙСКОМ ОТДЕЛЕНИИ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ПО ИТОГАМ ИЮЛЯ 2024 ГОДА ПЕРЕВЫПОЛНИЛИ УСТАНОВЛЕННЫЙ ПЛАН, ОТГРУЗИВ

35 998

ВАГОНОВ.

ЗА ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ ЭТОГО ГОДА В АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» СОБРАНО И ПЕРЕДАНО НА ВТОРИЧНУЮ ПЕРЕРАБОТКУ БОЛЕЕ

70 тонн

ОТХОДОВ.

БОЛЕЕ

400

ДЕТЕЙ ПРОЕХАЛИ ПО КАЗАХСТАНУ ЗА ДВА ЛЕТНИХ СЕЗОНА В СПЕЦИАЛЬНОМ ТУРИСТИЧЕСКОМ ПОЕЗДЕ «ТУҒАН ЕЛГЕ САХАТ».

Көкейкесті

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Биыл наурыз айында белгілі теміржолшы Батыр Котырев «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік омбудсмені қызметіне кіріскені белгілі. Көпшілік үшін Омбудсмен тосын қызмет, оның жұмысы не, міндеттері қандай?

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Компанияның директорлар кеңесінің 2021 жылғы 16 маусымдағы шешімімен бекітілген корпоративтік омбудсмен туралы Ережеге сәйкес айтар болсақ, омбудсмен дегеніміз – директорлар кеңесі тағайындайтын, жұмысшылар мен жұмысшы топтары, жеткізушілер, клиенттер және еншілес ұйымдар арасындағы әлеуметтік кіндіктер мен еңбек дауларын бастапқы кезеңінде шешіп, жанжалдардың алдын алуға ықпал ететін тұлға. Ол осы ретте ҚР заңдары мен компанияның

локальды актілері, компания мен оның еншілес ұйымдарының мінез-құлық кодексі ережелерін басшылыққа алады.

Компания директорлар кеңесі осы қызметке тағайындап, жұмысына кіріскеннен бастап Б.Котырев республиканың бірнеше өңірлеріне, яғни Павлодар, Алматы, Қостанай өңірлеріне барып, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және магистральдық желі ұйымдарының еңбек ұжымдарымен, сол өңірлердегі медиаторлармен кездесті.

Сонымен қатар 300 дана QR-код постері шығарылып, магистральдық желі мен жүк тасымалы ұйымдарының бәрінде

орналастырылды. Бұл компания қызметкерлерінің тәуліктің көз келген сәтінде компанияның омбудсмені олардың жұмысына кедергі болатын мәселелер бойынша хабарласуына мүмкіндік береді. Осы қысқа уақыт ішінде код арқылы омбудсменге 18 сондай хабарлама келіп түскен. Бұл жұмысшылардың қойылған сұраққа бірден жауап алуына, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ «жедел желісі» арқылы және омбудсменге жазбаша түрде келетін хабарламалар санын азайтуға мүмкіндік берді. Аталған QR-кодты қолдану мақсаты – компания қызметкерлерінің құқығын қорғау,

сонымен қатар омбудсменге жеткізетін бұзушылықтарды дереу жою. Мұндай хабарламалар мен жолданымдарға жылдам жауап беру әлеуметтік тұрақтылық индексі артырып, әлеуметтік шиеленісті қысқартуға септік етеді.

– Талдау көрсеткендей, ауызша түріне жүгінетін қызметкерлердің мәселесі «жедел желі» арқылы түсетін өтініш-шағымдарға қарағанда анағұрлым жылдам шешіліп, заң бұзу фактілері болса дереу жойылады. Себебі «Нысана» колл-орталығына түскен өтініштер жұмыс берушіге жеткенге дейін көп уақыт кетеді. Әдеттегідей келіп түскен өтініштердің дені жалақыны көбейту, үстеме ақы, қосымша ақы төлеуге немесе олардың дұрыс төленбеуіне қатысты болып келеді, оларға қолданыстағы жалақы төлеу Ережелерін, сонымен қатар Ұжымдық шартты түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, – дейді Б.Котырев.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕҢБЕК ҚОРҒАУҒА ЕЛЕУЛІ ҚАДАМ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы еңбектің санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында ауқымды іс-шаралар жүргізуді жалғастырып келеді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Мәселен, биылға 500-ден астам нысанды жөндеу жоспарланса, персоналдарды тасымалдау және шаруашылық жұмыстары үшін 53 автокөлік сатып алу қарастырылған. Сонымен қатар жұмысшылар еңбегін жеңілдету бағытында өндірісті 1400-ден астам шағын механизациямен жарақтандыру көзделген. Қазір соның 900 астамы сатып алынып, диттеген жерлеріне жеткізілген. Сондай-ақ, 90 модульдік ғимарат орнатылды.

Компания жолаушылар вагондары паркін жаңартуды да жалғастыруда. Жыл басынан бері 50 жолаушылар вагоны сатып алы-

нып, олар Қызылорда – Семей, Алматы – Сарыағаш, Павлодар – Түркістан және Ақтөбе – Атырау бағдарына тасымалдау үдерісіне жұмылдырылған. Осылайша, бұл бағдарлардағы жылжымалы құрамдардың толықтай жаңарғанын атап өткен жөн.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының жыл басынан бергі жұмысына келсек, магистральдық теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру бағдарламасының шеңберінде 4 станцияда 19 жол немесе 21 км жол және 51 бағыттағысы бұрма салынып, сонымен қатар 3 мың текше метр жер төсемі төселген. Бұдан бөлек, алты ай ішінде 13 жеке тасымалданатын жол қалпына келтіріліп, қозғалыс ашылған. Ди-

рекция мамандары жол шаруашылығында инновациялық технологияларды енгізу жағасын тауып жатқанын айтады. 2025 жылдан бастап жолды күрделі жөндеуден өткізуде судың жиналуын және ықтимал шағырауды болдырмау үшін үйінді беткейлерін жоспарлау енгізіліп отыр.

Жол шаруашылығын дамытуда да бірқатар жұмыстар қолға алынған. Мысалы, 600-ден астам «Жол шеберлері – жол бригадирлерін» штатқа енгізу қарастырылып жатса, жолды күтіп ұстауда елеулі ауытқулары бар қисық телімдерде жолды жөндеу бойынша жедел шаралар қабылдау үшін Қызылорда НЖС базасында ірілендірілген мобильді жол бригадасын құру көзделген.

Сонымен қатар жасанды құрылыстарды жөндеу және күтіп күтіп ұстауды қамтамасыз ететін Мамандандырылған көпір жасағын дамытуға шешім қабылданып, қазір осы бағытта штаттық кесте бекітілген. Көпір жасағын құру барысында жол дистанцияларынан 258 адам және 4180 ғимарат берілген. Биылғы мамыр айынан бері мамандандырылған көпір жасағымен 250 жуық ақау жойылса, жыл соңына дейін 1900 астам ақауды жол жоспарланып отырған көрінеді. Қазір қажетті техниканы және шағын механикаландыру құралдарымен жасақтау жұмыстары жүргізілуде. 2026 жылға дейін 15 бірлік арнайы техника мен жабдық және 18 бірлік шағын шағын механизация құралдарын сатып алу жоспарланған. Сондай-ақ, өңірлік қор базаларын қалпына келтіру, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде жедел қалпына келтіру үшін жинақтаушы көпірлерді толықтыру мүмкіндігі қарастырылуда. Мұның бәрі еңбек қорғауға елеулі қадам екені дау тудырмайды.

АҚПАРАТТЫҚ ДӘРІС ӨТТІ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Кеше ұлттық компанияның қызметкерлеріне арнап медицина мамандары жілік майы гемопоэтикалық дін жасушасы донорлығына орай дәріс өткізді.



Жиынды ашқан Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабдылова қызметкерлер үшін қоғамдық және қайырымдылық жұмыстардан бөлек осындай танымдық және ақпараттық дәрістердің де маңыздылығын атап өтті. Трансплтацияны дамыту және жілік майы доноры регистрі бөлімшесінің меңгерушісі Анар Серікқызы қатысушыларға жілік майы доноры болу – соған шешім қабылдаған кез келген адам үшін зор жауапкершілік екенін алға тартты.

– Жілік майы доноры регистрі дегеніміз – трансплтацияны қажет ететін науқастарға ерікті және қайтарымсыз, ақысыз түрде көмек көрсетіп, гемопоэтикалық дін жасушасын беруде әлеуетті донор болатын азаматтардың деректері орналасқан ақпараттық платформа. Донор болу үшін Астанадағы қалалық қан орталығына хабарласу керек 18-45 жас аралығындағы салмағы 50 келден асатын адамдар донор бола алады. Сонымен қатар олардың бойында онкологиялық, басқа да қауіпті аурулар болмауы керек, – деп түсіндірді А. Серікқызы.

Қатысушылар осы талаптарға сай өздерінің деректерін беру үшін анкета толтырды. Алайда науқас адамға барлық адамның жілік май жасушасы сәйкес келе бермейді. Жер бетінде бір адамның генетикалық «егізін» табу 10 мыңнан 1 жағдай ғана сай келеді екен. Сондықтан маманның айтуынша, аталған регистрге неғұрлым көбірек донор тіркеулі болса, соғұрлым науқасты құтқару ықтималдығы жоғары болады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАУІПСІЗДІК – ҚАРУЫ

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қазалы вагон пайдалану депосында табан аудармай қырық жылдан аса тер төгіп еңбек еткен майталман теміржолшының әріптестері үлкен құрметпен зейнетке шығарып салды.

Кәсіби мереке қарсаңында зейнет жасына жеткен Рабат Сембіұлы ұжымның жартысына тәлімгер, жас буынға үлгі тұтар ұстаз болды. Ол сонау 1991 жылы-ақ «Құрметті теміржолшы» атанды. 1996 жылы "Адал еңбегі үшін" медалмен марапатталды.

– Қазалы пайдалану вагон депосында 42 жыл еңбек еткен Рабат Сембіұлы сынды кәсіби мамандардың орны бөлек. Еңбек жолын жылжымалы құрамның жөндеушісінен бастаған ол сол дәуірдегі Құрметті теміржолшылар М.Акимов пен К.Беримбаев секілді тарландардың шәкірті болғанын мақтан тұтады. Және Кеңес Одағына белгілі Батин, Басалаевтар тәжірбесін менгеріп Москвада оқыған. Әріптесімізді қимасақ та зейнетке шығарып салып отырмыз. Ендігі жерде бейнетінің зейнетін көріп, қалауынша өмір сүрсін деп тілек айтамыз, – дейді депо бастығы Арығн Орымбаев.

Құрмет пен қошеметтері үшін депо басшылығы мен кәсіподақ ұйымына алғыс айтқан Рабат Сембіұлы: «Менің бас қаруым қауіпсіздік болды, қауіпсіздікті нысанаға алып еңбек етсеңдер жемісін жейсіңдер» деп әріптестеріне жұмыста сәттілік тіледі.



Суретті түсірген автор

Сұхбат

ЖОСПАРДА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР БАР

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл бөлімшесінің алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша табысы, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі көрсеткіштері, сонымен қатар еңбеккерлерге жасалып жатқан әлеуметтік-моральдық қолдау шаралары туралы филиал директоры Айдын Сейітбенбетов айтып берді.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

– Айдын Пайзылдаулы, бөлімше жұмысының негізгі көрсеткіші – жүк тасымалының ахуалы қалай? Кәсіби мереке қандай нәтижемен келдіңіздер?

– Жаман емес, алғашқы алты айда жүк тасымалынан түскен табыс 22 656 735 138,8 теңгені құрады. Былтырғы көрсеткішпен салыстырмалы түрде 12 пайызға өсті. Алғашқы алты айға Директорлар кеңесі Жамбыл бөлімшесі бойынша жоспарға 4 көрсеткіш енгізген. Соның бірі – жүк тиеу. Мысалы, филиал бойынша бірінші жартыжылдықта техникалық жоспар бойынша 320 вагон, 21357 тонна жүк тиеу керек болса, орындалғаны – 361,32 вагон, тиелген жүк – 24498,9 тонна немесе техникалық жоспар 114,7 пайызды құрады. Директорлар кеңесінің бекіткен жүк тиеу жоспарында тәулігіне орта есеппен 454 вагон 30417,58 тонна тиеу керек деп бекітілген. Бөлімшенің көрсеткіші – Директорлар кеңесінің бекіткен жоспарының 80,54 пайызын құрайды.

Филиалдың негізгі жүк артушылары – «Қазфосфат» ЖШС және осы серіктестікке қарасты «Жаңа фосфор зауыты», «Балхаштүстіметалл», «Еврохим Қаратау», «Жамбыл өндірістік цемент компаниясы» жарты жылдағы негізгі жүк тиеу жоспарына сай тәулігіне бар-жоғы 282,5 вагон, немесе 18 500 тонна тиейміз деп мәлімдеме жасаған. 100 пайыздық нәтижені көрсете алмауымыздың себебі осында жатыр. Дегенмен, жалпы табыс деңгейінің көтерілуіне жүк жөнелтушілермен жүк тасымалдау көлемін ұлғайту және тапсырыс берушіге бағдарлануды арттыру бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізу арқылы қол жеткізі-

генімізді атап өткен жөн.

– Алдағы жартыжылдықтың жоспарына да тоқталып өтсеңіз?

– Жұмыс жемісті болу үшін алдағы мақсаттарды айқындап алу қажет. Меже белгіленгенде ғана нәтижеге жету мүмкін болмақ. Біз алдағы алты айда жүк тиеуді қазіргі көрсеткіштен 5 пайызға арттыруды жоспарлап отырмыз. Мысалы, «Еврохим Қаратау» ЖШС индустриялық аймақтарын



дамыта отырып шығарылатын өнім көлемін 43,9 мың тоннаға, «Жамбыл өндірістік цемент компаниясында» – 75,2 мың тоннаға, «Қазфосфат» ЖШС бойынша 290,7 мың тоннаға көбейтіп, экспорттық қатынастағы жүк тасымалын 3,5 пайызға ұлғайтуды, «КТТ» АҚ вагон паркінің жалпы тиеудегі үлесін 57 пайызға дейін арттыруды көздеп отырмыз. Сонымен қатар, пойыздардың тартымы бойынша отын-энергетикалық үлестік шығынын азайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізіп, энергия ресурстарын үнемдеуге қол жеткізсек дейміз.

Сондай-ақ алдағы айларда Мойынты – Шу – Алматы тәлімінің өткізу қабілетін,

пайдалану жағдайын жақсарту мақсатында Бірлік-2 станциясы қалпына келтіріледі, Көктөбе, Алайғыр станцияларында диспетчерлік съездер салынады. Жоспарда бұдан басқа да ауқымды жобалар бар. Оның бәрін тізе берудің жөні жоқ, кезінде көретін боласыздар.

– Еңбек өнімділігін жақсарту үшін еңбеккерге жасалатын материалдық-моральдық қолдаудың маңызды рөл атқаратыны белгілі...

– Теміржолшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айтарлықтай деңгейде көңіл бөлініп отыр дей аламын. Ұжымдық шартқа сәйкес барлық игіліктерді пайдаланып отыр. Биылғы өткізіліп жатқан әлеуметтік іс-шаралардың барлығы Қазақстан теміржолының 120 жылдығы аясында өтуде. Мерекеге орай өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, ерен еңбегімен ерекшеленген 71 адамды түрлі марапаттарға ұсындық. Олардың арасында бірнеше қызметкеріміз «Құрметті теміржолшы» атанса, бірқатары «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Кәсіби бойынша үздік», «Үздік маман» қатарынан көрінді. «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарына ие болып, мерейі ескен мамандар да жоқ емес.

Жастарды әлеуметтік-қоғамдық жобаларға тартып, филиалда жастар саясатын дамытуға назар аударып отырмыз. Олардың мансаптық өсуі үшін көшбасшылық қасиеттерді дамытуға арналған жастар форумдары мен тренингтерге қатысуына жағдай жасалуда. Оқытудың жаңа әдістерін, оның ішінде іскерлік ойындарды, тренингтерді, себеп-салдарлық диаграммаларды, ситуациялық схемаларды, бейнесоужеттерді пайдалана отырып, техникалық сабақтарды өткізудің жаңа нысандарын игеруі – басты назарда. Осы мақсат-міндеттерді орындау үшін филиалдың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуде инновациялық рационализаторлықты қолдау арқылы филиал қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін пайдалану көзделуде.

Сонымен қатар, аймақ теміржолшылары Бурабайдағы ҚТЖ-ға қарасты Сейфуллин шипажайына жыл бойы жолдамамен барып, ем-дом алу мүмкіндігіне ие, одан бөлек «Ақ тілек», «Ақсу демі», «Балқаш», «Қазақстан КЗ», «Сосновый бор» шипажайларына жеңілдікпен жолдама алып, денсаулықтарын шыңдауда.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Суретті түсірген автор

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Жұмыс берушінің жұмысшыны тәртіптік жазаға тартуы бойынша шағымды қарағанда омбудсмен көбіне жұмыс берушіге мұндай өтініштерді өзі қарап, жіберген оқлықтарын жоюды ұсынады, ал одан бас тартса, омбудсмен аппараты талдау жасайды немесе бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар беру арқылы тексеру жүргізеді, бұған жұмыс беруші көбіне келісім береді.

Сонымен биыл алғашқы жартыжылдықта Корпоративтік омбудсмен аппараты «Самұрық-Қазына» АҚ «жедел желісі» арқылы, омбудсмен кеңсесіне түскен, сонымен бірге QR-код бойынша келген 170 өтінімді қарады. Соның ішінде 42 өтініш жауабы беріліп, қанағаттандырылды. 27

өтініш бойынша жұмыс жүргізуден бас тартылып, 73 өтінішке түсініктеме берілді. Қалғандары басқа жаққа жолданды немесе кейін қайтарылды.

Омбудсмендер өңірлерге барып жергілікті теміржолшылармен жолыққан кезде жұмысшылар тарапынан айтылатын өзекті мәселелер де болады, мәселен, олар арнайы жұмыс киімі мен аяқ киімнің сапасына шағым айтады. Бұл ретте арнайы жұмыс киімімен жұмысшылардың дер кезінде қамтамасыз етілуі бойынша еш мәселе жоқ екенін атап өту керек, тек киімнің сапасына қатысты шағымдар болады. Осыған орай Компания мен еншілес ұйымдар басшылығының атына омбудсмен тарапынан қызметтік ұсыным хаттар жолданып, сол бойынша

стандарттарға өзгерістер енгізу жөнінен жұмыстар жүргізіледі. Осы уақыт ішінде «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Құрық порты», «Теміржолсу» ЖШС басшылығына жұмысшыларға тәртіптік жаза қолдану кезінде анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдық анықтама жолданып, бұл хат ұжымдарға сол оқлықты жою үшін жеткізілді.

Корпоративтік омбудсменге Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 6 мекенжайы бойынша компанияның бас ғимаратындағы «А» блогы, 213/5 кабинетке келіп немесе 60-40-31, 60-43-40, 60-40-24 қалалық нөмірлерге телефон соғып, сонымен қатар QR-код арқылы хабарласып, өтініш-арыздарын қалдыруына болады.

ӘЛЕУЕТТІ, КҮШТІ ЖӘНЕ ШАПШАҢ ҚҰРЫЛЫМ



АЙМАҚ

Арыс қалпына келтіру пойызы қызметіне қажеттілік күнде тумаса да, аймақта апатты жағдай орын алса құстай ұшып алдымен жететін солар. Алып техникаларын іске қосып, апаттың зардабын жоюға кіріседі. Сондықтан бұл кәсіпорын ел аузында теміржолдың «жедел жәрдемі» аталып кеткен.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Қалпына келтіру пойызында бүгінде 22 адам еңбек етеді. Мекеме басшысының шебер санатындағы екі көмекшісі бар болса, оның бірі – кран мен техникаларға, екіншісі – гидронеуматикалық құрылғыларды бақылауда ұстайды. Ал қалған 19 адамның барлығы өз ісінің нағыз мамандары. Сол себептен де мұнда қатардағы қарапайым жұмысшы жоқ. Олардың бәрі Астана, Ақтөбе мен Тараздағы арнайы курста оқып, біліктілігін көтерген кәсіби мамандар.

Қызық болғанда, аталған мекемеге жетекшілік етіп отырған Хамит Палуанов кезінде танкист

болған. Ол темір жолдың бір бөлігі болып саналатын осы мекемеде табаны күректей төрт жыл бойы 1934 жылы шыққан Т-34 танкісін тізгіндепті.

– 1983 жылы әскерден келген соң, өзім жетекшілік етіп отырған мекемеге «тракторшы» ретінде тіркеуге алынып, шын мәнінде кәсіпорын қарамағындағы танкті жүргіздім, – дейді кейіпкеріміз біздің темір жолға танктің не қатысы бар деген таңданысымызға байыппен жауап беріп.

Ол кездері қуатты техника болмағандықтан, әскери есептен шығарылған танктерді құлаған вагондарды сүйреу үшін жұмысқа жегу қалыпты жағдай болыпты. 1986-87 жылдары әртүрлі арнайы



техникалар келе бастаған соң Хамит Әлиұлы Тараздағы арнайы оқу орнында аса ауыр салмақ көтеретін крандарды тізгіндеудің тәсілін оқып, тегігін менгеріп шыққан. Міне, содан бері арада

41 жыл өтсе де, ол осы мекеменің отымен кіріп, күлімен шыққан көнекөз маман әрі кәсіпорынның қазіргі бастығы.

– Негізінен, кран дегеніміз салмаққа қарсы салмақ қой. Кранның

неғұрлым қанаты кең жайылып, мұнарасы жоғарылап, стреласы ұзарған сайын көп салмақ көтереді. Ал осы аталған көрсеткіштер төмендеген сайын керісінше. Сондықтан да, қалпына келтіру пойызының құрамында арнайы техникалардың түр-түрі болғаны жақсы. Бізде оның бәрі бар. Тіпті, бұл күнде әлеуеті зор арнайы техниканың түр-түрін шатасатындай күйдеміз, – дейді Хамит Әлиұлы.

Қазіргі кезде Арыс қалпына келтіру пойызы ең таңдаулы, ең сапалы деген Т-330 деп аталатын екі дана шынжыртабанды трактор мен 250 тонналық ЕДК-2000 және 80 тонналық ЕДК-500 кранына иелік етеді. Одан бөлек 120 тоннаға дейін көтере алатын домкраттар бар. Мұның бәрі апат бола қалғанда екі жолдың біріндегі қозғалысты тоқтатпай әрі электр желісі мен бағаналарына кедергі келтірмей едел-жедел жұмыс істеуге қолайлы техникалар санатына жатады.

– Бұйрық түскен сәттен бастап 40 минут ішінде біз станциядан шығып кетеміз. Қандай жағдай болса да, қалпына келтіруді шеберлікпен сапалы әрі шапшаң орын-

дап шығуға әлеуетіміз жеткілікті. Жұмысшыларға жағдай жасалған. 25 орындық жатар орын мен ас-су ішуге, жуынып-шайынғуға дейін қарастырылған арнайы вагонмызда не керектің бәрі бар, – дейді пойыз бастығы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін аталған мекеменің техникалық паркі кезең-кезеңмен жаңарған. Арнайы техникаларды сапалы шығарады деген германиялық кәсіпорындар жабылған соң, Ресейде шығарылған телескопиялық крандарды қолдан келгенше мамандар өздері жөндеп, күтіп-баптап пайдаланып келеді.

– Елдің батыс аймағын су басқанда біздің жақтан арнайы техникалар лек-легімен аттанды емес пе? Сол кезде біздің мамандарымыз техникаларды платформаға тиіп, бекіту жұмыстарын атқарды. Одан бөлек, 4 метр биіктікке көтеріліп, радиусы 15 метр аумақты жарықтандыратын жарықшамды мұнарамызды құрып беріп, түнгі мезгілде де жұмыстың тоқтамауына көмектестік, – дейді әлеуетті, күшті және шапшаң құрылым жетекшісі.

Суретті түсірген автор

УВЕЛИЧИВАЯ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ




АКТУАЛЬНО

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Для обеспечения безопасности мореплавания ведутся дноуглубительные работы в акватории порта Курык. Так, привлечена специализированная дноуглубительная техника крупной европейской компании Jan de Nul. С ней подписан EPC контракт: от проектирования до сдачи работ по дноуглублению под ключ.

По словам генерального директора порта Курык Серика Ахметова, углубление морского дна создаст условия для дальнейшего наращивания мощностей. – Вы знаете, что Каспийское

В акватории порта Курык начаты дноуглубительные работы. Сегодня глубина в акватории достигает до семи метров, а после завершения всех работ будет увеличена на 1,5-2 метра.



море ушло довольно сильно, более чем на 1,2 метра. Это привело к тому, что на сегодня флот, работающий на Каспии, недозагружается. В этой связи порт Курык анонсировал и провел первым из казахстанских портов проект по дноуглублению. По

результатам данной работы порт Курык будет обладать самой большой глубиной на Каспийском море, – отметил он. На сегодняшний день пропускная способность порта Курык составляет шесть миллионов тонн в год. Из них четыре мил-

лиона проходит через железнодорожный терминал и оставшийся объем через автотерминал. Также порт имеет возможность одновременного хранения 250 грузовых автомобилей.

Аналогичные работы также будут проведены в порту Актау. Они являются частью комплексных мер, принимаемых в рамках развития Транскаспийского международного транспортного маршрута, и позволят обеспечить обслуживание растущих потребностей по транспортировке грузов на данном маршруте.

Так, грузоперевозки по ТМТМ за январь – июль увеличились на 62% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и достигли 2,5 миллиона тонн. Создание же кластера на базе портов Актау и Курык позволит увеличить к 2028 году их пропускную способность на 50%, а контейнерные мощности – в три раза.

Фото автора

ТОЛЬКО СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ



ПРОФИЛАКТИКА

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Все эти меры направлены на обеспечение безопасности и снижение риска несчастных случаев. За семь месяцев текущего года было направлено 18 писем акимам Жамбылского, Карсаевского, Илиевского районов Алматинской области о положении дел с безопасностью на железнодорожных путях. Совместно с сотрудниками ЛУПТ на станции Алматы-1 проведено 15 рейдов в местах, наиболее подверженных экстренным торможениям. В СМИ опубликованы статьи, организовано выступление на канале «Жетісу» на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности».

